Талапкер

**М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің іргесінде көптеген жылдар бойы «Мұнай-газ ісі» кафедрасында 5В070800 – «Мұнай газ ісі» мамандығының келесі мамандандырулары: «Мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау»; «Мұнай және газ кен орындарын игеру және пайдалану»; «Мұнай-газ құбырларын және мұнай-газ қоймаларын пайдалану» бойынша жоғарғы білім мамандарын дайындау жүргізіледі.**

# Өндірісті бірлестіру арқылы – сапалы білімге

Жетекші мұнай-газ кәсіпорындарымен, мысалы, «Тенгизшевройл» ЖШС, «Қазмұнайгаз» АҚ, «Жайықмұнай» ЖШС, «Интергаз Орталық Азия» АҚ МГБ, «Қазтрансойл» АҚ, «Оңтүстік Мұнайгаз» АҚ, «Мұнайгазгеолсервис» ЖШС, «Туран Гео» ҒӨО ЖШС жоғарғы буын мамандарын дайындауға келісім-шарттарға қол қойылған. Жұмыс берушілермен бірлесе отырып маркетингтік зерттеулер жүргізіліп, нәтижесінде 2020 жылға дейінгі аралыққа мамандарға деген қажеттілік зерттелген.

Білім алу процесінде студенттердің алған білімдерін бекіту және тереңдету, оқып жатқан мамандықтары бойынша қажетті білімдерді, практикалық жұмыс дағдыларын, шеберлікті алу өндірістік іс-тәжірибені өту барысында жүзеге асырылады. Болашақ мамандардың барлық деңгейдегі кәсіби шеберлігін іс-тәжірибе сияқты арттыра алатын ешнәрсе жоқ екендігі бәріне белгілі, іс-тәжірибе студенттерге бүкіл өміріне азық ете алатын тәжірибе алуға мүмкіндік береді. Әрбір студент ЖОО-да білім алудың белгілі бір кезеңінде өндірістік іс-тәжірибені өту орнын іздеу мәселесімен, сонымен қатар оны тиімді өту мәселесіне кездесіп жатады. Білім беру мен өндірістің бірлесе жұмыс жасауының тиімді әдісі өзара келісілген оқу бағдарламалары бойынша кәсіпорындардың тапсырысымен мамандарды мақсаттық дайындау болып табылады. Мұндай дайындық аймағымыздың жетекші кәсіпорындарымен оқу-ғылыми-өндірістік кешендерді (ОҒӨК) құру және келісім-шарттар жасаумен ұйымдастырылады. Өндірістік жұмыс дағдыларына ие студент еңбек нарығында сұранысқа ие және өндірістің нақты шарттарына жылдам бейімделеді. Мұндай тәжірибе біздің түлектердің жұмысқа орналасу мәселесін шешуге мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда біздің түлектердің 70% ЖОО-ның аяқтаған соң бір жыл ішінде жұмысқа орналастырылады. Нарықтық жағдайларда бұл айтарлықтай жоғары көрсеткіш деп есептейміз. Бүгінгі таңда мұнай баррелі 50 доллардан асып тұрғанда мұнай және газ ұңғыларын бұрғылау, мұнай және газ кен орындарын игеру бағытында жандану байқалады.

Біздің мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша күш-жігерімізді салатын тағы бір бағыт, ол – студенттерге арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқыту болып табылады. Бұл ел Президентінің көптілділікті дамыту мақсатында алға қойған маңызды мемлекеттік тапсырмасы болып табылады. Мұнай-газ саласы үшін жаңа формациядағы маманды қалыптастыруда көп тілдік білімге айтарлықтай көңіл бөлінеді, себебі көп тілділік біздің елімізде әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің маңызды қоры ретінде қарастырылады.

«Академиялық ұтқырлық» бағдарламасы бойынша кафедрамыздың үздік студенттері мен магистранттары Қазақстан-Британ техникалық университетінде, Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде, И.Губкин атындағы Мұнай және газ РМУ (Ресей), Леобен Монтан университетінде (Австрия) академиялық кезең аралығында білім алады. Сонымен бірге кафедрада Сирия, Қытай, Түрікменстан және Өзбекстаннан келген студенттер білім алады.

Бүгінде кафедра ғалымдарының күш-жігерлері қолданбалы және іргелі зерттеулер мен инновациялық жұмыстарды дамытуға бағытталған. Кафедра ұжымы түлектердің мұнай-газ саласында сұранысқа ие маман болуына ұмтылуда, ол үшін оларға әлемдік стандарттар деңгейіндегі білім беру қажет. Осылайша, біздің күш-жігеріміз сапалы білім – стратегиялық ұғым екендігін ұстана отырып, еліміздің Президентінің қойған тапсырмасын жүзеге асыруға бағытталған.

**А. САДЫРБАЕВА,**
**М.Әуезов атындағы ОҚМУ**
**«Мұнай-газ ісі» кафедрасының доценті**